

"Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2025 жылғы 29 тамыздағы № 25 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 тамызда № 36760 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Заңсыз қызмет көлемін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 125 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15848 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 34) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 20) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Заңсыз қызмет көлемін бағалау әдістемесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ұлттық шоттар департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің Ұлттық статистика
бюросының басшысы

М. Турлубаев

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2025 жылғы 29 тамыздағы
№ 25
бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2017 жылғы "8" қыркүйек
№125 бұйрығымен бекітілді

Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) халықаралық стандарттарға сәйкес заңсыз қызмет көлемдерін бағалауда және Ұлттық шоттар жүйесінің (бұдан әрі – ҰШЖ) мақсаттары үшін қолданады.

3. Осы Әдістеменің мақсаты заңсыз қызмет түрлерінің экономика салаларына әсерін бағалау, яғни олардың Жалпы ішкі өнімді қалыптастыруға қосқан үлесін анықтау болып табылады.

4. Әдіснамалық негіз ретінде Халықаралық Валюта Қоры, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропалық қоғамдастықтардың Статистикалық бюросы, Біріккен Ұлттар Ұйымы және Дүниежүзілік Банк дайындаған 2008 жылғы ҰШЖ пайдаланылған.

5. Осы Әдістемеді келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) аралық тұтыну– есепті кезеңде өндіріс процесінде толық тұтынылатын немесе өзгеретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтер құны;

2) жалпы қосылған құн (бұдан әрі – ЖКҚ) – өндірістік қызметтің соңғы нәтижесін сипаттайды және берілген өндірістік процестегі өңдеумен қосылған құндылықты білдіреді. Салалар деңгейінде өнімнің шығарылымы және аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде есептеп шығарылады, өндіріс процесінде тұтынылатын негізгі капиталдың құнын қамтиды;

3) жалпы ішкі өнім (бұдан әрі – ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің соңғы нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі;

4) институционалды бірлік – өз атынан активтерді иеленуге, міндеттемелерді қабылдауға, экономикалық қызметке қатысуға және басқа бірліктермен операцияларға кіруге әрекет ете алатын экономикалық бірлік;

5) ҰШЖ – елдің экономикалық қызмет нәтижелерін сипаттайтын шоттар мен кестелердің айқындалған жинағы түрінде құрылған статистикалық көрсеткіштердің жүйесін білдіреді.

6. Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау кезіндегі ақпараттық қор:

1) ресми статистикалық ақпарат;

2) әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректері болып табылады.

2-тарау. 2008 жылғы ұлттық шоттар жүйесіне сәйкес заңсыз қызмет көлемдерін бағалауға арналған әдіснамалық тәсіл

7. Бақыланбайтын қызмет түрлері Ұлттық шоттарды құру кезінде пайдаланылатын негізгі дереккөздерден ақпаратты жинау кезінде қамтылмайтын өндірістік қызмет түрлерін қамтиды.

8. Бақыланбайтын қызмет түрлері мынадай топтарға бөлінеді: жасырын (көлеңкелі), заңсыз, формальды емес.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісі не өндірушілер тиісті лицензиялардың болуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті болып табылатын жағдайларда мұндай лицензиясыз (рұқсатсыз) жүзеге асыруы заңсыз қызметке жатады.

10. Қызмет түрлерін заңсыз қызметке жатқызу өлшемшарттары:

1) ҰШЖ шекаралары қамтитын өндірістік қызмет белгілеріне сәйкестігі;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, қызмет түрін жүзеге асыру фактісі (оның ішінде лицензияның болмауы, белгіленген тәртіптен тыс тіркеу немесе осы қызмет түрін жүзеге асыруға тікелей тыйым салу) болып табылады.

11. Заңсыз әрекет мынадай екі санат бойынша жіктеледі:

1) сатылуы немесе иелік етуі Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынған тауарлар мен қызметтерді өндіру, өткізу немесе жылжыту;

2) Тиісті лицензиясы(рұқсаты) жоқ немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте тіркелмеген өндірушілердің тауарлар мен қызметтерді өндіру, өткізу немесе жылжыту.

3-тарау. Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау

1-параграф. Сатылуына немесе иелік етуіне Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынған тауарларды өндіру мен тарату көрсеткіштерін есептеу

12. Осы Әдістемеді Қазақстан Республикасының заңнамасында сатылуына немесе иелік етуіне тыйым салынған тауарларды және көрсетілетін қызметтерді өндірудің келесі түрлері қарастырылған:

есірткі бизнесі (героинді, каннабиноидтерді апиынды, синтетикалық есірткілерді өндіру және тарату);

бағалы металдардың заңсыз айналымы;

қаруды жасау, сатып алу, беру, өткізу, сақтау;

жезөкшелік;

заңсыз ойын бизнесі.

13. Есірткімен байланысты заңсыз қызмет ел ішінде есірткіні өндіруді, экспорт пен импортты, сондай-ақ оларды тұтынушыларға жеткізу мен сату бойынша қызметті қамтиды.

14. Героинді тұтыну көлемін есептеу:

$$C = A + (N \times D)$$

, (1)

мұндағы:

C – героиннің жалпы көлемі (тәркіленген және тұтынылған) (грамм);

A – бір жыл ішінде тәркіленген есірткі құралдары туралы мәліметтер;

N – есірткіге тәуелділер саны (адам);

D – есірткіге тәуелді бір адамның бір жылда орташа тұтынатын есірткі саны(грамм).

Бұдан әрі елдегі импорт көлемі бағаланады:

$$I = C \times \frac{P_r g}{P_w g}$$

, (2)

мұндағы:

I – импорт (грамм);

C – героиннің жалпы көлемі(грамм);

Prg – героиннің көшедегі құнарлылығы;

P_{wg} – героиннің көтерме саудадағы құнарлылығы.

ЖІӨ-мен салыстырылатын, негізгі нәтиже беретін көрсеткіш ЖҚҚ болып табылады:

$$GVA = D_p + TM - IC$$

, (3)

мұндағы:

GVA

– ЖҚҚ (миллионтеңге);

D_p

– ішкі өндіріс (миллион теңге);

TM

– сауда үстеме бағасы (миллионтеңге);

IC – аралық тұтыну (миллион теңге).

Есірткі саудасында аралық тұтыну көп емес және сауда үстеме бағасынан 10% болып бағаланды.

Сауда үстеме бағасын анықтау үшін есірткіні тұтыну мен импортын құндық мәнде қайта есептеу жүргізіледі. Есірткі импорты көтерме бағамен, тұтыну бөлшек бағамен бағаланады.

$$TM = C * (P_r - P_w)$$

, (4)

мұндағы:

TM – сауда үстеме бағасы (теңге);

C – тұтыну (грамм);

P_r – бөлшек баға теңге

P_w – көтерме баға теңге

15. Каннабиноидтердің шығарылымының есеп-қисабы каннабиноидтерді ішкі тұтыну ішкі өндіріс есебінен қанағаттандырылады деген шартпен қалыптастырылады.

$$D_p = (A + (N \times D)) \times P_w$$

, (5)

мұндағы:

D_p

– марихуана менанашаның ішкі өндірісі (теңге);

A – бір жыл ішінде тәркіленген есірткі құралдары туралы мәліметтер;

N – есірткіге тәуелділер саны (адам);

D – есірткіге тәуелді бір адамның бір жылда орташа тұтынатын есірткісаны (грамм)

;

P_w

– марихуана мен анашаның көтерме бағасы (граммға теңге).

$$GVA = D_p + TM - IC$$

, (6)

мұндағы:

GVA

– ЖҚҚ (миллионтеңге);

D_p

– ішкі өндіріс (миллионтеңге);

TM

– сауда үстеме бағасы (миллионтеңге);

IC

– аралық тұтыну (миллионтеңге).

$$TM = C \times (P_r - P_w)$$

, (7)

мұндағы:

TM

– сауда үстеме бағасы(теңге);

C – тұтыну (граммға теңге);

P_r

– бөлшек баға (граммға теңге);

P_w

– көтерме баға (граммға теңге).

16. Апиынның шығарылымының есеп-қисабы тұтынылатын есірткі көлемі толықтай импортталады деген шартпен қалыптастырылады.

$$I = (A + (N \times D)) \times P_w$$

, (8)

мұндағы:

I – апиын импорты (теңге);

A – бір жыл ішінде тәркіленген есірткі құралдары туралы мәліметтер;

N – есірткігетәуелділер саны (адам);

D – есірткіге тәуелді бір адамның бір жылда орташа тұтынатын есірткі саны (грамм)

;

P_w

– көтерме баға (граммға теңге).

ЖҚҚ мен сауда үстеме бағасын анықтау тәсілі ұқсас, есірткінің басқа түрлеріндегідей.

$$GVA = TM - IC$$

, (9)

мұндағы:

GVA

– ЖҚҚ (миллионтеңге);

TM

– сауда үстеме бағасы (миллионтеңге);

IC

– аралық тұтыну (миллионтеңге).

$$TM = I \times (P_r - P_w)$$

, (10)

мұндағы:

TM

– сауда үстеме бағасы (миллионтеңге);

I – импорт (грамм);

P_r

– бөлшек баға (граммға теңге);

P_w

– көтерме баға (граммға теңге).

17. Синтетикалық есірткінің шығарылымының есеп-қисабы синтетикалық есірткіні барлық ішкі тұтыну ішкі өндіріс есебінен қанағаттандырылады деген шартпен қалыптастырылады.

$$D_p = (A + (N \times D)) \times P_w$$

, (11)

мұндағы:

D_p

– синтетикалық есірткінің ішкі өндірісі(теңге);

A – бір жыл ішінде тәркіленген есірткі құралдары туралы мәліметтер;

N – есірткіге тәуелділер саны (адам);

D – есірткіге тәуелді бір адамның бір жылда орташа тұтынатын есірткі саны (грамм)

;

P_w

– синтетикалық есірткінің орташа бағасы (граммға теңге).

$$GVA = D_p - IC$$

, (12)

мұндағы:

GVA

– ЖҚҚ (миллион теңге);

D_p

– ішкі өндіріс (миллион теңге);

IC

– аралық тұтыну (миллион теңге).

Барлық есірткі тауарларын өндіруді есептеу осы Әдістемеде 1-қосымшада келтірген

.

18. Бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының заңсыз айналымы.

Шығарылым ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 295-1-бабы (бұдан әрі - ҚР ҚК) "Бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының заңсыз айналымы" бойынша қалыптастырылатын келтірілген залал сомасы бойынша деректер пайдаланылады.

Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Негізгі асыл және түсті металдарды өндіру" қызметінің түрі бойынша аралық тұтынудың үлесі пайдаланылады. ЖҚЖ жалпы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырмашылық ретінде анықталады. Бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының заңсыз айналымын есептеу осы Әдістемеде 1-қосымшада келтірілген.

19. Қаруды заңсыз жасау, сатып алу, беру, өткізу, сақтау.

Шығарылым ретінде ҚР ҚК-нің 287-бабы "Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру" және 288-бабы "Қаруды заңсыз жасау" бойынша қалыптастырылатын келтірілген залал сомасы бойынша деректер пайдаланылады. Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру" қызмет түрі бойынша аралық тұтыну үлесі пайдаланылады. ЖҚЖ жалпы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады. Қаруды заңсыз жасауды, иемденуді, беруді, өткізуді, сақтауды есептеу осы Әдістемеде 1-қосымшада келтірілген.

20. Жезөкшелікпен байланысты заңсыз қызмет: жалпы шығарылым, аралық тұтыну, ЖҚЖ көрсеткіштері негізінде есептеледі.

Әр түрлі өңірлер арасындағы осы қызмет түріне бағалардың айырмашылығына байланысты есептеулер әр өңір үшін жеке жүргізіледі және жалпы республика бойынша жинақталады.

Жезөкшелік қызметтерінің шығарылымын айқындаудың негізгі тәсілі оны жұмыскерлер саны және олардың орташа жалақысы туралы деректер негізінде ұсыныс (ресурстар) тарапынан айқындау болып табылады.

Жезөкшелік қызметтерінің шығарылымы келесі формула бойынша есептеледі:

$$O_{\text{prost}} = N_{\text{wcs}} \times P_a \times N_{\text{scc}}, \quad (13)$$

мұндағы:

O_{prost}

– Жезөкшелік қызметтерінің шығарылымы (теңге);

N_{wcs}

– жұмыскерлер саны (адам);

P_a

– көрсетілетін қызметтің орташа баға (теңге);

N_{sc}

– бір жылдағы жолығулар саны (бірлік).

Есеп-қисапта тіркелген және есепте тұрған жұмыскерлер туралы ресми деректер және осы қызмет түрінде анағұрлым ықтималдықпен айналысатын адамдар санының латенттік коэффициенті пайдаланылады.

Жезөкшелік қызметінің аралық тұтынуға:

1) клиенттерге қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын жалданатын пәтерді жалдау ақысы;

2) интим-салондарды, сауналарды, массаж салондарын ұстаушылар төлейтін үй-жайды жалдау ақысы;

3) киімге, косметикаға, контрацептивтерге және арнайы жабдықтарға жұмсалатын шығыстар;

4) көлікке, жабдықтарға және жарнамаға шығыстар (сайттарды жүргізу) жатқызылады.

Аралық тұтыну үлесі көрсетілетін қызметтің осы түрі бойынша шығарылымнан 30% деп бағаланған.

ЖҚҚ жалпы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады.

Жезөкшелік қызметін есептеу осы Әдістемеде 1-қосымшада келтірілген.

21. Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру.

Шығарылым ретінде ҚР ҚК-нің "Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру" 307-бабы бойынша қалыптастырылатын келтірілген залал сомасы пайдаланылады.

Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Өнер, ойын-сауық және демалыс" қызметі бойынша аралық тұтыну үлесі қолданылады. ЖҚҚ жалпы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады.

Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру есеп-қисабы осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген.

2-параграф. Лицензиясы (рұқсаттары) жоқ немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте тіркелмеген өндірушілердің тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру көрсеткіштерін есептеу

22. Осы Әдістемеде тиісті лицензиясы (рұқсаттары) жоқ немесе белгіленген тәртіпте тіркелмеген өндірушілердің тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндірудің келесі түрлері қарастырылған:

браконьерлік;

заңсыз алкоголь өнімдерін өндіру;

заңсыз темекі өнімдерін өндіру;

мұнай және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарынсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу;

жер қойнауын өз бетінше пайдалану;

шығармашылық түпнұсқалардың авторландырылмаған көшірмелерін өндіру;

контрабанда;

порнография және веб-модельдер қызметтерін көрсететін делдалдардың заңсыз қызметі.

23. Браконьерлік. Осы қызмет түрі:

1) заңсыз ағаш кесу;

2) заңсыз аң аулау;

3) балықты заңсыз аулау ішкі түрлері бойынша бөлінген.

Алып қойылған өнім (ағаш, жануарлар ұшалары) туралы деректер негізінде нарықтық бағаларды ескере отырып, заңсыз ағаш кесу және аң аулау бойынша шығарылым анықталады.

$$O = Q_{cg} \times P_a$$

, (14)

мұндағы:

C – шығарылым (теңге);

$$Q_{cg}$$

– тәркіленген өнім көлемі (м3 немесе дана);

$$P_a$$

– орташа баға (1 м3 немесе данаға теңге).

Аралық тұтыну үлесі ретінде тиісті саланың заңды өндірісіндегі аралық тұтыну деректері пайдаланылады. ЖҚҚ шығарылым және аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады.

Балықты заңсыз аулауды бағалау өндіріс, экспорт, импорт және елде балықты тұтыну туралы деректер негізінде жүргізіледі. Бір жағынан тұтыну (пайдалану) және екінші жағынан ел ішіндегі өндіріс пен экспорт сальдосының (ресурстар) арақатынасы арқылы балықты заңсыз аулау туралы деректер есептеледі.

Қаралып отырған өнімге "Тірі балық", "Балық сүбесі мен балықтың өзге де етін қоспағанда, жаңа ауланған немесе салқындалатын балық", "Балық сүбесі мен өзге де балық етін қоспағанда, мұздатылған балық", "Балықтың сүбесі және жаңа ауланған,

салқындатылған немесе мұздатылған балықтың өзге де еті (тураманы қоса алғанда)", "Кептірілген, тұздалған немесе тұздық судағы балық; ыстықтай немесе суықтай ысталған балық; тамаққа пайдалануға жарамды ұсақ немесе ірі тартылған балық ұны және түйіршіктері" тауарлық позициялар жатады.

Өндірісті анықтау кезінде "Жаңа ауланған, салқындатылған немесе мұздатылған балық" позициясы бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі өнім өндіру туралы деректер пайдаланылады.

Балықты заңсыз аулаудың көлемін есептеу кезінде балық өнімдерін заңды өндірудің көлемі анықталады:

$$L_p = D_p + I - E + C$$

, (15)

мұндағы:

L_p

– елдегі балық өнімінің заңды өндірісі (мың тонна);

D_p

– ішкі өндіріс (мың тонна);

I – импорт (мың тонна);

E – экспорт (мың тонна);

C – балық аулау (мың тонна).

Елдегі балық өнімдерін жалпы тұтыну халықтың жан басына шаққанда балықты тұтыну туралы деректер негізінде анықталады.

$$\Pi_p = CC - L_p$$

, (16)

мұндағы:

Π_p

– балықты заңсыз аулау (мың тонна);

CC

– елде балықты жалпы тұтыну (мың тонна);

L_p

– елдегі балық өнімінің заңды өндірісі (мың тонна).

Балықты заңсыз аулауды өңірлер бойынша бөлу кезінде үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижесінде алынған балықты тұтыну құрылымы пайдаланылады.

Балықты заңсыз аулауды құндық мәнде бағалау кезінде балық құнының сараптамалық бағасы пайдаланылады. Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Балық аулау және аквадақыл" қызмет түрі бойынша аралық тұтынудың үлесі пайдаланылады. ЖҚЖ жалпы шығарылым және аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады. Браконьерлік түрлері бойынша есеп-қисабы осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

24. Заңсыз алкоголь өнімдерін өндіру. Алкогольді өнімдердің заңсыз өндірісін бағалау өндіріс, экспорт, импорт және елде алкоголь өнімдерін тұтыну туралы деректер негізінде жүргізіледі. Бір жағынан тұтыну (пайдалану) және екінші жағынан ел ішіндегі өндіріс пен экспорт сальдосының (ресурстар) арақатынасы арқылы алкогольдік өнімнің заңсыз өндірісі туралы деректер есептеледі.

Алкоголь өнімдерінің заңсыз өндірісін бағалау кезінде келесі тауарлық ұстанымдар қарастырылады: "Виски", "Ром мен тафия", "Джин мен арша тұнбасы", "Өзге де спирттік ішімдіктер" тауарлық кодтары.

Алкоголь өнімдерінің нақты көлемі құрамында 40% спирті бар алкогольге ауыстырылады.

Алкоголь өнімдерінің заңсыз өндірісінің көлемін есептеу кезінде алкоголь өнімдерін заңды өндірудің көлемі анықталады:

$$L_p = D_p + I - E$$

, (17)

мұндағы:

L_p

– елдегі алкоголь өнімдерінің заңды өндірісі (мыңлитр);

D_p

– ішкі өндіріс (мыңлитр);

I – импорт (мыңлитр);

E – экспорт (мыңлитр).

$$IL_p = CS - L_p$$

, (18)

мұндағы:

Π_p

– заңсыз өндіріс (мың литр);

CC

– жалпы тұтыну (мың литр);

L_p

– заңды өндіріс (мың литр).

Өңірлер бойынша алкоголь өнімдерінің заңсыз өндірісін бөлу кезінде үй шаруашылықтарын зерттеу нәтижесінде алынған алкогольге үй шаруашылықтарының шығыстар құрылымы пайдаланылады.

Құндық мәнде алкоголь өнімдерінің заңсыз өндірісі өңірлер бөлінісінде нарықтық бағадан төмен арақ бағасында бағаланады. Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Сусындар өндірісі" қызметінің түрі бойынша аралық тұтынудың үлесі пайдаланылады. ЖҚЖ жалпы шығарылым және аралық тұтынудың арасындағы айырмашылығы ретінде анықталады. Заңсыз алкоголь өнімдерін өндіруді есептеу осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

25. Заңсыз темекі өнімдерінің өндіру. Заңсыз темекі өнімдерін өндіруді бағалау елдегі темекі өнімдерінің өндірісі, экспорты, импорты және тұтынуы туралы деректер негізінде жүргізіледі. Темекі өнімдерінің заңсыз өндірісін есептеу үшін заңсыз темекі өнімдерінің анықталған көлемінің коэффициенті пайдаланылады (3 жылдағы орташа мән).

$$T_p = C * K\% * P / 20$$

, (19)

мұндағы:

T_p

– темекі өнімдерінің заңсыз айналымы (миллион теңге);

C – тұтыну (миллион дана);

K – темекі өнімдерінің анықталған көлемінің коэффициенті (%);

P – бір қораптың орташа бағасы (теңге).

Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Темекі өнімдерін өндіру" қызмет түрі бойынша аралық тұтыну үлесі пайдаланылады.

ЖҚЖ жалпы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады. Заңсыз темекі өнімдерін өндіру көрсеткіштерін есептеу осы Әдістемедің 2-қосымшада келтірілген.

26. Мұнай және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу. Шығарылым ретінде ҚР ҚК-нің 197-бабы "Мұнай және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу" бойынша қалыптастырылатын келтірілген залал сомасы пайдаланылады.

Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Құбыр көлігінің қызметі" қызметі бойынша аралық тұтыну үлесі қолданылады. ЖҚҚ жалпы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады.

Мұнай және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеуді есептеу осы Әдістемеде 2-қосымшада келтірілген.

27. Жер қойнауын өз бетінше пайдалану. Шығарылым ретінде ҚР ҚК-нің 334-бабы "Жер қойнауын өз бетінше пайдалану" бойынша қалыптастырылатын келтірілген залал сомасы пайдаланылады.

Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Металл кендерін өндіру" қызметі бойынша аралық тұтыну үлесі пайдаланылады. ЖҚҚ жалпы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады.

Жер қойнауын өз бетінше пайдалану бойынша есептеу осы Әдістемеде 2-қосымшада келтірілген.

28. Шығармашылық түпнұсқалардың авторландырылмаған көшірмелерін өндіру. ҰШЖ-да авторлық құқықтармен қорғалған материалдарды бұдан әрі сату мақсатымен заңсыз көшіру көрсетіледі. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алып қойылған контрафактілік өнімнің құны шығарылым болып табылады. Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Ақпарат және байланыс" саласы бойынша заңсыз өндірістен аралық тұтынудың үлесі қолданылады. ЖҚҚ жалпы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады. Алып қойылған жасанды тауарлар мен шығармашылық түпнұсқалардың авторландырылмаған көшірмелерін есептеу осы Әдістемеде 3-қосымшада келтірілген.

29. Контрабанда. Алып қойылған тауарлардың сомасы бойынша деректер шығарылым ретінде пайдаланылады. Контрабандалық тауарлар саудасының аралық тұтынуы шығарылымнан үлес ретінде бағаланады, ал ЖҚҚ сәйкес шамасы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады. Контрабанданың аралық тұтынуын есептеу кезінде "Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу" саласынан аралық тұтынудың үлесі қолданылады. Алып қойылған жасанды тауарлар мен алып қойылған контрабанданың көрсеткіштерін есептеу осы Әдістемеде 3-қосымшада келтірілген.

30. Порнография және веб-модельдер қызметтерін көрсету кезінде делдалдардың заңсыз қызметі. Порнография және веб-модельдер қызметтерін шығарылым ретінде ҚР

ҚК-нің 311-бабы "Порнографиялық материалдарды немесе заттарды заңсыз тарату" және 312-бабы "Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту" бойынша қалыптастырылатын келтірілген залал сомасы пайдаланылады.

Аралық тұтынуды есептеу кезінде "Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, дыбыс жазбалар және музыкалық шығармаларды шығару саласындағы қызмет" қызметі бойынша аралық тұтыну үлесі қолданылады. ЖҚЖ жалпы шығарылым мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде анықталады.

Порнография және веб-модельдер қызметтерін көрсету кезінде делдалдардың заңсыз қызметі бойыншаесептеу осы Әдістемеде 3-қосымшада келтірілген.

Заңсыз қызмет көлемдерін
бағалау әдістемесіне 1-қосымша

Қазақстан Республикасының заңнамасымен сатуға немесе иеленуге тыйым салынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру көрсеткіштерін есептеу

1) Героин

Героин	Тәркіленген есірткі құралдары туралы мәліметтер	Есірткіге тәуелді адамдар саны	Мөлшері	Есірткіге тәуелді бір адамның бір жылда есірткі құралдарын орташа тұтыну саны	Тұтыну	Көшедегі құнарлылық	Көтерме саудадағы құнарлылық	Көтерме сауда бағасы	Бөлшек сауда бағасы
	грамм	адам	грамм	грамм	грамм	%	%	теңге	теңге
	1	2	3=2*1,4%	4=183 күн×3	5=1+2×4	6	7	8	9

жалғасы

Героин	Импорт көлемі	Ішкі өндіріс көлемі	Импорт	Ішкі өндіріс	Сауда үстеме бағасы	Түпкілікті тұтыну	Аралық тұтынуға кеткен шығыстар	ЖҚЖ
	грамм	грамм	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге
	10=5×(6/7)	11=5-10	12=10×8/1000000	13=11*8/1000000	14=5×(9-8) / 1000000	15=5×9/1000000	16=15×0,1	17=13+14-16

2) Каннабиноидтер (гашиш, марихуана)

				Каннабиноидтерді	Каннабиноидтерді	Каннабиноидтерді	Каннабиноидтерді	Есірткіге тәуелді бір	Есірткіге тәуелді бір
--	--	--	--	------------------	------------------	------------------	------------------	-----------------------	-----------------------

Каннабиноидтер (гашиш, марихуана)	Тәркіленген есірткі құралдары туралы мәліметтер	7-55 жастағы халық	7-55 жастағы халық санынан 1,4%	қарқынды қолданатын есірткіге тәуелді адамдардың саны	і үнемі қолданатын есірткіге тәуелді адамдардың саны	қарқынды қолданатын есірткіге тәуелді адамдар үшін мөлшері	і үнемі қолданатын есірткіге тәуелді адамдар үшін мөлшері	адамның бір жылда есірткіні орташа тұтыну саны (қарқынды)	адамның бір жылда есірткіні орташа тұтыну саны (үнемі)
	грамм	адам	адам	адам	адам	грамм	грамм	грамм (аптасына 6 рет)	грамм (аптасына 1 рет)
	1	2	3=2*1,4%	4	5=3-4	6	7	8=312 күн×6	9=52 күн×7

жалғасы

Тұтыну	Көтерме баға	Бөлшек баға	Ішкі өндіріс	Сауда үстеме бағасы	Түпкілікті тұтыну	Аралық тұтынуға кеткен шығыстар	ЖҚҚ
грамм	теңге	теңге	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге
10=1+4×8+5×9	11	12	13=10×11/1000000	14=10×(12-11)/1000000	15=10×12/1000000	16=14×0,1	17=13+14-16

3) Апиын

Апиын	Тәркіленген есірткі құралдары туралы мәліметтер	Есірткіге тәуелді адамдар саны	Мөлшері	Есірткіге тәуелді бір адамның бір жылда есірткіні орташа тұтыну саны	Тұтыну	Көтерме сауда бағасы	Бөлшек сауда бағасы
	грамм	адам	грамм	грамм	грамм	теңге	теңге
	1	2	3	4=365 күн×3	5=1+2×4	6	7

жалғасы

Апиын	Импорт	Сауда үстеме бағасы	Түпкілікті тұтыну	АТ кеткен шығыстар	ЖҚҚ
	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге
	8=5×6/1000000	9=5×(7-6)/1000000	10=5×7/1000000	11=9×0,1	12=9-11

4) Синтетикалық есірткі құралдары

	Тәркіленген есірткі құралдар		Есірткіге тәуелді бір адамның бір жылда	Бір грамм үшін	Аралық тұтыну
--	------------------------------	--	---	----------------	---------------

Синтетик алық есірткі құралдары	ы туралы мәліметтер	Нашакорлар саны	Мөлшері	орташа тұтынатын есірткі құралдарының саны	Тұтыну	бөлшек сауда бағасы	Шығарылым	шығыстары	ЖҚҚ
	грамм	адам	грамм	грамм	грамм	теңге	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3	4=312*3	5=1+(2*4)	6	7=5*6/1000000	8=7*0,1	9=7-8

Бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының заңсыз айналымы

Бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының заңсыз айналымы.	Келтірілген залал соммасы	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3=1×2%	4=1-3

Қаруды заңсыз жасау, сатып алу, беру, өткізу, сақтау

Қаруды заңсыз жасау, сатып алу, беру, өткізу, сақтау.	Келтірілген залал соммасы	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3=1×2%	4=1-3

Жезөкшелік

Жезөкшелік	Жезөкшелікпен айналысатын адамдар	Қызмет үшін орташа баға	Бір жылда бару саны (сараптамалық)	Шығарылым	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	адам	теңге	саны	миллион теңге	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3= 300 күн×3 рет күніне бару	4=1×2×3/1000000	5=4×30%	6=4-5

Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру

Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру	Келтірілген залал соммасы	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3=1×2%	4=1-3

Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесіне 2-қосымша

Қызметтерге лицензиясы жоқ немесе белгіленген тәртіппен тіркелмеген өндірушілердің тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру көрсеткіштерін есептеу

Браконьерлік

1) Ағаштызаңсыз кесу

Ағашты заңсыз кесу	А л ы п қойылған ағаш көлемі	1 м3 ағаш үшін орташа баға	Алыпқойылған ағаштың құны	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	м3	теңге	теңге	%	теңге	миллион теңге
	1	2	$3=1 \times 2$	4	$5=3 \times 4\%$	$6=(3-5)/1000000$

2) Заңсыз аң аулау

Заңсыз аң аулау	А л ы п қойылған жануарлар өлекселерінің саны	1 дана үшін орташа баға	А л ы п қойылған жануарлар өлекселерінің бағасы	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	дана	теңге	теңге	%	теңге	миллион теңге
	1	2	$3=1 \times 2$	4	$5=3 \times 4\%$	$6=(3-5)/1000000$

3) Балықты заңсыз аулау

Балықты заңсыз аулау	Балық өндірісі	Балық экспорты	Балық импорты	Балық аулау	Балықтың заңды өндірісі	Елдегі балықты тұтыну	Балықты заңсыз аулау
	мың тонна	мың тонна	мың тонна	мың тонна	мың тонна	мың тонна	мың тонна
	1	2	3	4	$5=1-2+3+4$	6	$7=6-5$

жалғасы

Балықты заңсыз аулау	1 к г балықтың орташа бағасы	Өңірлер бойынша балықты тұтыну құрылымы	Заңсыз өндіріс	Заңсыз өндіріс	Аралық тұтыну үлесі (заңды өндірістен %)	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	теңге	%	мың тонна	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	8	9	$10=7 \times 9\%$	$11=10 \times 8 \times 1000000/1000000$	12	$13=11 \times 12\%$	$14=11-13$

Заңсыз алкоголь өнімдерінің өндірісі

				40%-дық алкогольді	Халықтың ж а н басына шаққанда 40 % -	15 және одан үлкен жастағы	Алкогольді тұтыну	Заңсыз өндіріс
--	--	--	--	--------------------	---------------------------------------	----------------------------	-------------------	----------------

Заңсыз алкоголь өнімдерінің өндірісі	40%-дық алкоголь өндірісі	40%-дық алкоголь экспорты	40%-дық алкоголь импорты	н заңды өндірісі	дықалкого л ь д і тұтыну	халық саны		
	мың литр	мың литр	мың литр	мың литр	литр	адам	мың литр	мың литр
	1	2	3	4=1-2+3	5	6	7=5×6/1000	8=7-4

жалғасы

Заңсыз алкоголь өнімдерінің өндірісі	Арақтың 1л үшін орташа баға	Арақтың 1л үшін орташа баға (сараптамалық баға)	Республика бойынша жалпы шығыстардың өңірлер бойынша үй шаруашылықтарының алкогольге кеткен шығыстарының құрылымы	Заңсыз өндіріс	Заңсыз өндіріс	Аралық тұтыну үлесі (Аралық тұтыну заңды өндірістен %)	ЖҚҚ	
	теңге	теңге	%	мың литр	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	9	10=9×0,9	11	12=11×8%	13=10×12×1000/1000000	14	15=13×14%	16=13-15

Заңсыз темекі өнімдерінің өндірісі

Заңсыз темекі өнімдер інің өндірісі	Өндіріс	Импорт	Экспор т	Тұтыну	Заңсыз темекі өнімдер інің анықта лған көлемін і ң коэффи циенті	Заңсыз өндіріс	Б і р қорапт ы ң орташа бағасы	Заңсыз өндіріс	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	миллио н дана	миллио н дана	миллио н дана	миллио н дана	%	миллио н дана	теңге	миллио н теңге	%	миллио н теңге	миллио н теңге
	1	2	3	4=1+2-3	5	6=4*5%	7	8=6*7/20	9	10=8×9%	11=8-10

Мұнайдың және мұнай өнімдерінің шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өндеу

Мұнайдың және мұнай өнімдерінің				
---------------------------------	--	--	--	--

шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз оларды тасымалдау, иемдену, өткізу, сақтау, сондай-ақ мұнайды қайта өңдеу	Келтірілген залал соммасы	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3=1×2%	4=1-3

Жер қойнауын өз бетінше пайдалану

Жер қойнауын өз бетінше пайдалану	Келтірілген залал соммасы	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3=1×2%	4=1-3

Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесіне 3-қосымша

Алып қойылған жасанды тауарлар мен шығармашылық түпнұсқалардың авторландырылмаған көшірмелерін, алып қойылған контрабанданың көрсеткіштерін және порнография және веб-модельдер қызметтерін көрсету кезінде делдалдардың заңсыз қызметі есептеу

Алып қойылған жасанды тауарлар мен шығармашылық түпнұсқалардың авторландырылмаған көшірмелері	Алып қойылған контрафактілік өнімнің құны	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3=1×2%	4=1-3

Контрабанда

Алып қойылған контрабанда	Алып қойылған тауардың құны	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3=1×2%	4=1-3

Порнография және веб-модельдер қызметтерін көрсету кезінде делдалдардың заңсыз қызметі

Порнография және веб-модельдер қызметтерін көрсету кезінде делдалдардың заңсыз қызметі	Келтірілген залал соммасы	Аралық тұтыну үлесі	Аралық тұтыну	ЖҚҚ
	миллион теңге	%	миллион теңге	миллион теңге
	1	2	3=1×2%	4=1-3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК